АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ӘЙТЕКЕ БИ АУДАНЫ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
АЙТЕКЕБИЙСКОГО РАЙОНА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**ҚАУЛЫ**

11.04.2025 ж. № 100

Әйтеке би ауданы
Темірбек Жүргенов ауылы

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

Айтекебийский район
село Темирбека Жургенова

**Әйтеке би ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесін анықтау туралы**

Қазақстан Республикасының «Жер Кодексінің» 48 бабын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 297 «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Әйтеке би ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Әйтеке би ауданы бойынша қосымшаға сәйкес сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

**Әйтеке би ауданының әкімі** **Д. Тоғызбаев**

Әйтеке би ауданы әкімдігінің
2025 жылғы «_____» _____
№ ____ қаулысына қосымша

**Сауда-саттық (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесін анықтау туралы**

| Р/с | Сауданы өткізу тәсілі мен әдісі | Құқықтан айыру түрі | Жер учаскесінің алаңы (га) | Нысаналы мақсаты | Жер учаскесінің орналасқан жері |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Аукцион (ағылшындық әдіс) | 3 жыл жалдау құқығы | 0,2450 | Дүкен және наубайхана құрылысын жүргізу үшін | Т. Жүргенов ауылдық округі, Т. Жүргенов ауылы, №449, 450 жер телімдері. |
| 2 | Аукцион (ағылшындық әдіс) | 3 жыл жалдау құқығы | 0,8509 | Коммерциялық нысандарының құрылысын жүргізу үшін | Т. Жүргенов ауылдық округі, Т. Жүргенов ауылы, №35,23,44 жер телімдері. |